

"Қазақ мемлекеттік циркі" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын республикалық меншіктен Алматы қаласының коммуналдық меншігіне беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 11 сәуір N 417

Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 Жарлығына сәйкес және Алматы қаласы әкімінің ұсынысын ескере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Мәдениет комитетінің "Қазақ мемлекеттік циркі" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) мүлік кешені ретінде белгіленген тәртіппен республикалық меншіктен Алматы қаласының коммуналдық меншігіне берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Мәдениет комитеті, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Алматы қаласының әкімімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен Кәсіпорынды коммуналдық меншікке беруді қамтамасыз етсін.

3. Алматы қаласының әкімі белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) < * >

2) "Алматы қаласының аумағында орналасқан ұйымдар мен объектілерге қатысты мемлекеттік меншік түрлері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 9 қарашадағы N 1141 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 41, 371 - қ ұ ж а т) :

көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік үлестері мен акцияларының пакеттері мемлекеттік республикалық меншіктегі шаруашылық серіктестіктері мен акционерлік қоғамдардың тізбесінде реттік нөмірі 153-жол алынып тасталсын;

3) < * >

Ескерту. 1,3)-тармақшаларының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.11.24. N 1172

қаулысымен.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК